

ҒТАХР 39.21.21

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

К.Н. Мамирова¹, Ш.М. Надыров², М.Б. Сағатова³

¹п. ф. к., профессор м.а

²Г. ғ.д., профессор

³ 2-курс магистранты

^{1,3} Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

²әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,

Қазақстан, Алматы қ., e-mail: meruert_sagatova@mail.ru

Орталық Азия аймағының ерекшелігі басқа интеграциялық бірлестіктердің үлгісін механикалық тұрғыдан көшіруге келмейді, оны жіті зерттеу мен бейімдеуді қажет етеді. Интеграцияның негізі ретінде сауда – экономикалық және ұжымдық ынтымақтастықтың дамуы, толыққанды және қорғалған ортақ нарықтың болуы керек.

Орталық Азия аймағының негізгі бағыты интеграциялық доктриналардың әлемдік тәжірибесімен санаса отырып, мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарының механизмін құрастыруы болуы қажет. Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық интеграциясы ұлттық шаруашылықтар мен құрылған аймақтық экономикалық топтардың жақындауы мен өзара қарым-қатынастарымен сипатталады.

Қазіргі заманғы соны үлгісі ретінде интеграциялық бірігу жолын тандап алған Орталық Азия мемлекеттері ортаазиялық интеграцияны объективті қажеттілік ретінде, территориялық тұтастықпен, сол сияқты экономиканың ең маңызды, ең басты салаларымен байланыстырады. Орталық Азия елдеріндегі интеграцияның әлсіз жақтарын анықтау үшін оны халықаралық экономикалық интеграцияның шарттары мен алғышарттарына сәйкес зерттеу қажет. Жалпы аймақтағы интеграция үрдісі өте баяу жүргізілуде. Ол бірнеше себептермен түсіндіріледі, олардың қатарына экономика мен саяси жүйелерді реформалау модельдерінің әртүрлілігі жатады. Экономика мен саяси жүйелердің, ұлттық мүдделердің және халықаралық аренаға бағытталудың әртүрлі болуы әзірше интеграциялану үрдісінен жоғары орын алуда.

Түйін сөздер: интеграция, жаһандану, қауіпсіздік стратегиясы, бюджеттік саясат, реформа, экстремизм, миграция

Орталық Азия мемлекеттері үшін шетелдердің посткеңестік аумақта артқан мүдделері тоғысында сыртқы инвестицияларды кең көлемде ұлттық экономикаларына тарта отырып мықты нарықтық экономиканың іргетасын қалау негізгі мәселе болып табылады. Бұл сәтте, сыртқы инвесторлар үшін ең маңызды сала - Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасында мұнай – газ секторы болғандығы мәлім. Осыдан келіп, қазіргі кезде Орталық Азияның әлемдік державалардың геосаяси бәсекелестігі аймағына айналуы халықаралық қатынастардағы маңызды оқиға болды.

Қазіргі жаһандану кезеңінде Орталық Азия өзінің бай табиғи ресурстары мен маңызды стратегиялық орналасуы арқылы әлемдік державалардың саяси және экономикалық мүдделерінің шиеленісу орталығына айналып отыр. Мемлекеттердің әлемдік саясатқа енуі бірнеше факторлармен түсіндіріледі, яғни, лайықты тәжірибенің болмауы мен ұлттық мүддеге сай күш орталықтарын тұрақты теңестіріп отырудың қажеттілігі маңызды болып табылады. Бірақ, Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциясына кедергі келтіретін негізгі факторлар: аймақтың әлсіз экономикалық потенциалы, этникалық қақтығыстардың шығу қаупі, парақорлық мәселелері тікелей қауіпсіздікке өз әсер етуде.

Орталық Азия елдерінің интеграциясына себеп болатын негізгі себептердің бірі – су ресурстары және оны қорғау. Су мәселесі - аймақтағы қайшылықтардың бірі. Негізгі мәселе – ортақ су ресурстарын пайдаланып отырған аймақ елдерінің арасында тұрақты мемлекетаралық келісімдердің болмауы. Су ресурстарын бөлу және судың ластануы, теңіздердің тартылуы сынды мәселелер Кеңес Одағы кезінде мемлекетішілік мәселе болып саналатын.

Аймақтағы суы мол және бірнеше елді сумен қамтамасыз ететін өзендердің ең ірісі - Сырдария. Бірақ Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттері арасында бұл өзеннің суына байланысты туындаған негізгі шиеленіскен мәселелер әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ. Келесі негізгі мәселе – Каспий теңізінің ластануы. Мұнай қалдықтарын теңізге төгу салдарынан жылына мыңдаған тонна балық

қырылуы мен қатар, адамдардың балық аулауы да толастамай отыр. Ал Арал теңізінің жағдайы қазір таңда баршамызға мәлім. Мұндай өзекті мәселелер, ең алдымен, аймақтағы мемлекеттердің ауызбіршілігін талап етеді. Бұл мақсатта Орталық Азия елдерінің арасында су ресурстарын қорғау жөнінде ортақ келісім болу қажет және оның жүзеге асырылуын қадағалап отыратын аймақтық интеграциялық ұйым құрылуы тиіс. Орталық Азия аймағында аталған бағыттар бойынша интеграциялық үдерістердің жүзеге асырылуына кедергі келтіретін бірқатар қайшылықтардың да бар екенін айту қажет [1;11].

Кесте 1 – Арал теңізі бассейнінің көпжылдық орта ағысы (жылына куб.км)

	Сырдария	Әмудария	км ³	%
Қазақстан	2,426	-	2,426	2,1
Қырғызстан	27,605	1,604	29,209	25,1
Тәжікстан	1,005	49,578	50,583	43,4
Түркменстан	6,167	1,549	1,549	1,2
Өзбекстан	37,203	5,056	11,223	9,6
Арал теңізі бассейні бойынша барлығы:	37,203	79,280	116,483	100,0

Олар қабылданған шешімдерді жүзеге асыру механизмдерінің болмауы. Қабылданған шешімдердің көпшілігі орындалмайды және барлық құжаттар кеңес берушілік сипатқа ие және қатысушы - елдер тарапынан оны жүзеге асыруға деген қызығушылық жоқтың қасы. Шешімін таппаған мәселелердің көптігі және өзара келісілген іс - әрекеттердің жоқтығы су ресурстарын тиімді пайдалану және көлік жүйесіндегі интеграциялық үдерістердің дамуына кедергі болып отыр. Орталық Азия елдерінің экономикасы әртүрлі және даму жылдамдықтары біркелкі емес. Бұл факторлар аймақтағы интеграцияның тежелуіне елеулі ықпал етеді. Өйткені интеграция үшін қатысушы - елдердің экономикалық даму және өсу деңгейлері шамалас болуы шарт [Кесте 1].

Сонымен қатар Орталық Азия елдерінің саяси құрылымындағы бөлінушілік басқарушылық ортақ ортаазиялық интеграцияға кедергі болып қана қоймай, мемлекеттер арасында қақтығыстардың орын алуына себепші болып отыр. Саяси келісімге келе алмау салдарынан аймақ мемлекеттерінің өз ішінде одақтасумен қатар, басқа мемлекеттермен де, соның ішінде дамыған мемлекеттермен, мысалы Ресей, Америка Құрама Штаттары, Қытай қолдауын табуға итермелеуде. Себебі, аймақтағы елдердің көпшілігі Америка Құрама Штаттары мен Еурапалық Одақ елдерінің қаржылық қолдауы мен Ресейдің әскери және техникалық көмегіне жүгінуге мәжбүр. Сонымен қатар, өзіндік бірегейлік мәселесінің өткірлігі, Орталық Азия елдерінің экономикалық, саяси – құқықтық жүйелері жағдайының транзиттік сипаты, жаңару үдерістерінің әртүрлі серпіні, бағыты және тереңдігі, осы процестер шеңберінде жүргізіліп жатқан реформалар өмірлік қажетті интеграцияны жүзеге асырудағы қиындықтарды анықтайды.

Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық интеграциясы ұлттық шаруашылықтар мен осы аймақтық экономикалық топтардың өзара қарым-қатынастарымен сипатталады. Оның нәтижесінде өзара сауда және инвестициялық өзара қарым-қатынас жолында ұлттық кедергілерді жою және ұлттық шаруашылық жүйелердің байланыстарын күшейту мен дамыту үрдістері жатыр. Бюджеттік, салықтық және валюталық саясаттарын келістіру, бірегейлендіру арқылы бірыңғай экономикалық кеңістік құрылады. Осы мақсатта жаңа геосаяси жағдайды қалыптастыру және осы аймақтағы экономикалық мүдделерін жүзеге асыру мен өз ықпалын нығайту керек. Сондықтан осы аймақта аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттердің алдына қойған өзекті және маңызды міндеттерінің бірі болып отыр [2;18].



Сурет 1 - Орталық Азия аймағының саяси картасы

Аймақ елдері әлемдік интеграциялық процестерге, аймақшілік өзара қарым-қатынас сипатындағы, яғни, өзінің жақын көршілес басқа да мемлекеттермен қатысты мәселелерді шешуде тығыз қатысуға мүдделі болып табылады. Жаңа шынайылықтар жас мемлекеттердің саяси басшыларынан өзінің танылуын, ұлттың қауіпсіздік және даму стратегиясының барабарлық формуласын іздеуін және танылуын талап етті. Қазіргі уақытта Орталық Азияның одан әрі дамуында екі жол қарастырылған. Бірінші жол – өзінің әлемдік экономикадағы шикізат көзі ретіндегі рөлін бекіту. Оның үстіне – әлемдік геосаяси және геэкономикалық бәсекелестіктегі қолжаулық рөлі. Екінші жол – интеграция. Халықаралық нарық процестеріне тең деңгейде қатыса алатын аймақтық мықты бірлестік құру жолы. Бұл экономикалық өрлеу, әскери және саяси қауіпсіздік жолы болып табылады [Сурет 1].

Орталық Азиялық елдердің тәуелсіздік алған жылдары, бұл мемлекеттердің мүдделерімен ешқашанда сай келмейтін, тек қарама-қарсы болатын, Батыс және Шығыс мемлекеттер қатарының назарының орталығында болып келді. Сонымен қатар, сыртқы күштер арасында Орталық Азиядағы геосаяси және геэкономикалық ықпалы және оның табиғи ресурстары үшін күрес пайда бола бастады. Орталық Азия аймағына тек алпауыт мемлекеттер ғана емес, шетелдік компанияларда көңіл аударып бастады. Орталық Азия елдері мен халықтары, тағы да ауқымды қарама-қайшы жоспарларды жүзеге асыруы мақсатында, осы жерде өзінің стратегиялық жоспарларын құруға ұмтылып, түрлі экстремистік исламдық ұйымдардың шабуылына ұшырады.

Орталық Азия елдерінің аймақтық интеграциясына алып келетін осындай орасан зор тарихи, мәдени, діни, территориялық ортақтықтарын және табиғи-шикізаттық, экономикалық әлеуетін және ортақ стратегиялық мақсатын баса назарға ала отырып, Орталық Азия елдері үшін интеграцияның келесідей бес тиімді бағытын көрсетуге болады.

Олар: Орталық Азия елдері арасында аймақтық интеграция құруы үшін стратегиялық маңызы зор бағыт аймақ елдерінің мемлекеттік қауіпсіздігін қорғауға бағытталған интеграция болып табылады. Себебі Орталық Азия аймағы бірнеше жылдан бері әлемдік ірі державалар үшін экономикалық, саяси және әскери тұрғыдан стратегиялық маңызды аймақ болып табылады. Аймақ елдері өздерінің мемлекеттік шекараларын бекітуге бағытталған күш-жігерлеріне қарамастан, олар халықаралық терроризм, діни экстремизм және этникалық сепаратизм, наркотик пен қару-жарақтың заңсыз айналысы және заңсыз миграция секілді трансұлттық қауіп-қатерлер үшін ашық болып отыр. Мұндай жағдай Орталық Азия елдерінің ұлттық, экономикалық, мемлекеттік қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді және бұл елдердің өз қауіпсіздіктері үшін халықаралық ынтымақтастықты, аймақтық бірлікті күшейтуге мәжбүрлейді.

Осының негізінде жаңа геосаяси жағдайды қалыптастыру мен осы аймақтағы экономикалық мүдделерін жүзеге асыру және өз ықпалын нығайту керек. Сондықтан осы аймақта аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттердің алдына қойған өзекті және маңызды міндеттерінің бірі болып отыр. Аймақ елдері әлемдік интеграциялық процеске, аймақшілік өзара қарым-

қатынас сипатындағы, сонымен қатар, өзінің жақын көршілестерімен басқа да мемлекеттермен қатысты мәселелерді шешуінде тығыз қатысуында мүдделі болып табылады. Жаңа шынайылықтар жас мемлекеттердің саяси басшыларынан өзінің танылуын, ұлттың қауіпсіздік және даму стратегиясының бара барлық формуласын іздеуін және танылуын талап етті. Сонымен қатар, егерде бұрын Кеңес Одағы құрылымында ортаазиялық кеңестік республикалардың ұлттық даму мен қауіпсіздік мәселесі күшті жоғарғы державалық одақтас мемлекеттері шеңберінде шешілсе, онда тәуелсіздік алғаннан кейін және қажетті ресурстардың жоқ болуында көрсетілген мәселелер ерекше өзектілігіне ие болады және өз бетінше жаһандандудың өзгешелік күштерінде жаңа қауіптің пайда болуына әкеледі [3;15].

Орталық азиялық мемлекеттерінің әлеуметтанушылары мен саясаттанушылары, аймақ мемлекеттерінің қазіргі сыртқы саясатын қалыптастырылуы әлемдік пен аймақтық ауқымды күштер орталығы арасында балансталған және дамудың сыртқы шаралары өте қиын жағдайда өтіп жатыр деп белгілеген. Өз кезегінде, бұл аймақтық ынтымақтастыққа себепші болады. Аналитиктер ең алдымен, қауіпсіздік үшін құрылымдық ынтымақтастыққа мемлекеттердің дайындығы мен қажеттілігіне шартталған, аймақшілік ұйымдардың дамуында бірқатар позитивті қозғалыстарды белгіленген. Қауіпсіздік идеясы Орталық Азияның жас мемлекеттерінің интеграциясына түрткі болғанын дәлелдейді.

Орталық Азия аймағындағы мемлекет халықтарының тарихи байланыстылығы - елдер арасындағы интеграцияның негізгі алғышарттарының бірі және аталған алғышарттар геосаяси, геостратегиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, өркениеттік, діни, мемлекеттік-саяси және этникалық негіздерге тығыз байланысты.

Аймақ мемлекеттері саяси және экономикалық құрылымдардың реформалануын көздейтін өтпелі кезеңнің ортақ міндеттерін құрастырған болатын. Осы уақытта ең негізгі мәселе - ортақ экономикалық потенциалды тиімді пайдалану жолдары. Орталық Азия елдері сыртқы саяси стратегияларын өзара үйлестіре отырып қана қоймай, экономикалық интеграция мен ұлттық қауіпсіздік жүйелерін дамыта алады. Мемлекетаралық қатынастарды дамыту мақсатында аймақ мемлекеттері бірнеше кезеңнен өтті. Осы әр кезең жеке республикалардың ішкі саяси жағдайымен, саяси жетекшілерінің жеке тұлғалық қасиеттерімен және экономикалық ерекшеліктерімен анықталды, ал ол аймақтағы интеграциялық үрдістің даму динамикасына өз әсерін тигізді.

Орталық Азия аумағындағы интеграциялық процесстер ол әлеуметтік жағдайдың көпұлттандырумен, мемлекеттердің өзара тәуелділік деңгейінің өсуімен және құрамына кіретін мемлекеттердің ұлттық мемлекеттіліктерін, қауіпсіздіктерін қамтамасыз етудегі және жаһандық қауіп-қатерлерге төтеп беру қажеттіліктерімен байланысты халықаралық қатынастар жүйесіндегі жаһандық үдерістердің салдары болып табылады. Аталған мақсаттарға жету, ең алдымен, Орталық Азия мемлекеттердің аумақтық ынтымақтастығының нәтижелі дамуына әкеп соғады. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрамына кіретін мемлекеттер арасында, сондай-ақ Орталық Азия елдерінде интеграциялық процесстердің басты бастамашысы Қазақстан болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бірнеше рет Орталық Азия елдерін ресурстарын біріктіруге, жиынтық әлеуеті мен оның нәтижелері әлемдік экономикада мойындата алатын және халықтарымыз үшін жоғары өмір сапасын қамтамасыз ете алатын, тиімді және өзара байланысты экономикаларды құруға шақырды.

Қазақстан Республикасының Орталық Азия елдерінің интеграциялық қауымдастығын құру мен оны жүзеге асыру бойынша бастамасы негізгі алғышарттарға – аумақтың тарихи, географиялық, саяси, экономикалық, мәдени, тілдік, діни ортақтықтарына негізделеді. Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасы біраз уақытқа дейін бірыңғай халықтық шаруашылық кешенінің құрамдас бөлігі ретінде қызмет етті. Кеңес одағының ыдырауы және шаруашылық жүргізу шарттарының түбегейлі өзгерісі – бұл осы аймақтағы елдердің тек бірігуі арқылы ғана шешімін табатын мәселелер жиынтығының кеңеюіне әкеліп соқты. Соның салдарынан, Орталық Азия мемлекеттерін саяси және экономикалық құрылымдарды реформалауды көздейтін өтпелі кезеңнің ортақ міндеттері байланыстырады. Бұл жағдайда олар үшін басты мәселе - ортақ экономикалық мүмкіншіліктерді тиімді пайдалану мақсатында бірігу. Бұл мемлекеттер тек сыртқы саяси стратегияларын үйлестіріп қана ғана қоймай, өздерінің ұлттық қауіпсіздіктері мен экономикалық интеграцияны қамтамасыз ете алады.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрамына кіретін елдер Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін интеграциялық түрдегі байланыстарды құру мақсатында жақын қарым-қатынастарды қалдырды. Соның ішінде, энергетикалық және транспорттық жүйелері, радио және телекоммуникация кешендері,

мұнай мен газ салалары ерекше көзге түсті. Бірақ Орталық Азия елдері арасындағы интеграция толық қалыптасты деп айтуға келмейді. Келісімдерді толықтай жүзеге асыру жұмыстарының реттелмеген, кедендік, салықтық және бюджеттік саясаттардың байланысы әлі дұрыс жүргізілмеген. Елдердің арасында аймақтық қатынастар орнамады. Оның қазіргі заманғы соңғы үлгісі ретінде интеграциялық бірігу жолын тандаған Орталық Азия мемлекеттері ортаазиялық интеграцияны объективті қажеттілік ретінде, территориялық тұтастықпен, сол сияқты экономиканың ең маңызды, ең басты салаларымен байланыстырады. Сондықтан бұрыннан қалыптасқан тығыз шаруашылық байланыстары мен аумақтың ұтымды геосаяси жағдайы Орталық Азия мемлекеттерін өзара ынтымақтастыққа әкеп соғады [4; 115].

Келесі негізгі бағыттардың бірі – транзит. Қазіргі таңда әлемдік экономикасы жоғары дамыған мемлекеттерді Қытайдан Еуропаға және кері бағытта қалай жүкті аз уақытта жеткізуге болады және ресурстарды тасымалдаудың арзан жолы қандай деген сұрақтарға жауап іздейді. Жапония, Қытай және Оңтүстік Корея мемлекеттерінде табиғи ресурстарға бай емес және транзиттік шығындарды үнемдеу жолдарын іздестіруде. Мұндай жағдайда Орталық Азия елдері өздерінің транзиттік әлеуетінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, оны тиімді жүзеге асыру жолдарын қарастыру керек. Қазіргі кезде көлік жолдарының маңызын ескере отырып, Қазақстан мен Тәжікстан мемлекеттерінде жол құрылысы қолға алынып жатыр. 2008 жылы бекітілген Тәуелсіз мемлекеттер достастығы мемлекеттерінің ынтымақтастығының басым бағыттарына сәйкес, көлік саласында халықаралық көлік жолдарын бірлесіп дамыту жөнінде келісімге қол қойылған болатын [Сурет 2].



Сурет 2 - Орталық Азия елдері халықтарының интеграциясы

Қазіргі кезде әр мемлекеттердің географиялық орналасуына сәйкес, қай елге қандай вагондар орналастыру, қай аймаққа теміржолдың жіңішке жерлерін жүргізу керек екендігін анықтау үшін транзит жолдарының жағдайын сапалы түрде қайта бағалау мақсатында жүргізілуде және де жаңа сипаттағы логистикалық мәселелерге баса назар аударылуда. Осы мақсатта жүргізілген іс - әрекеттердің барлығын басқаратын ұйым құрылғаннан кейін ғана бұл бағыттағы жүргізілген жұмыстар нәтижелі болатыны анық.

Сол сияқты осы аймақтағы мемлекеттердің арасындағы газ және су-энергетика ресурстарын, экологиялық мәселелерін бірлесе отырып шешу, көлік-коммуникация жүйелерін бірлесе отырып пайдалану, соңғы кездегі күшейіп жиі орын алып жатқан наркобизнес пен әр түрлі экстремистік, террористік топтар мен ағымдарға бірлесе отырып күрес жүргізу сияқты маңызды жұмыстарды іске асыру мақсатында аймақтық интеграцияның алатын орны зор. Сондықтан Орталық Азия елдерінің нарықтық экономикаға өтуі мен интеграцияны таңдауы жаһандану жағдайында орындалуы әлемдік тарихтағы бірінші оқиға. Орталық Азия мемлекеттеріндегі интеграцияның әлсіз жақтарын анықтау мақсатында оны халықаралық экономикалық интеграцияның алғышарттарына сәйкес зерттеу маңызды. Осы аймақтағы интеграция үрдісі өте баяу жүргізілуде. Осы жағдайларды мына себептермен түсіндіруге болады: негізінен экономикалық және саяси жүйелерді реформалау модельдерінің әртүрлі бағытта жүргізілуі. Экономика мен саяси жүйелердің, ұлттық мүдделердің және халықаралық аренаға бағытталудың әртүрлі болуы әзірше интеграциялану үрдісінен жоғары орын алуда [5; 34].

Орталық Азия аймағында интеграцияны дамыту мақсатында белгілі бір ұйым құрылу керек. Бір жағынан Еуразиялық концепция ортақ стратегияның рөлін атқаруы мүмкін, себебі Орталық

Азия мемлекеттері Еуразиялық өркениеттік құрылымға жатады және тарихи дамуы, тілі мен өмірлік құндылықтарда қабылдауы ұқсас болып келеді. Дегенмен де өзіндік идентификация проблемасының өткірлігі, Орталық Азия елдерінің экономикалық, саяси – құқықтық жүйелері жағдайының транзиттік сипаты, жаңару үдерістерінің әртүрлі серпіні, бағыты және тереңдігі, осы процестер шеңберінде жүргізіліп жатқан реформалар өмірлік қажетті интеграцияны жүзеге асырудағы қиындықтарды анықтайды.

Жүргізілген келіссөздерде Орталық Азия елдерінің басшылары Достастықты өтпелі кезеңде ғана жүзеге асыруға болатын ынтымақтастық үлгісі және әр елдің ішкі дамуының басыңқы жақтары мен халықаралық міндеттерін есепке ала отырып, ынтымақтастыққа қатынасу түрлерін өздері анықтайды деген қорытындыға келген. Дегенмен де, қайта құру жылдарында дәл осы аймақтық бірлестік, кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте Достастыққа қатысушы елдер арасындағы шаруашылықаралық байланыстарды қолдап, арасында орын алған кейбір қайшылықтар мен әскери қақтығыстардың алдын алып, кейде өзара келістіріп, реттеуші қызмет атқарды.

Энергетика саласы Қазақстанда жақсы дамып келеді, оған себеп Екібастұз көмір бассейнін пайдалану жобаларын дер кезінде қолға алған. Бұл жағдайлар аймақтағы, сондай-ақ Үндістан, Қытай, Еуропа елдерін қоса есептегенде, электр энергиясының тапшылығымен байланысты. Қазіргі таңда Германия мемлекеті өз территориясында атом энергиясын өндіруді азайту мақсатында іс – шаралар жасалып жатыр. Бұл өз кезегінде электр энергиясын өзге мемлекеттерден тасымалдау қажеттілігін туындатады, бірақ Германия мемлекетті Еуропа елдерін энергияның балама көздерімен, электр энергиясымен толық қамтамасыз ете алмайды.

Сондықтан да бір-екі жылдың ішінде энергетикалық саланың даму басымдылықтарын айқындайтын жаңа нысандардың құрылысы мен қаржыландырылуын үйлестіретін (бұл бағыт бойынша Еуразиялық даму банкінің тәжірибесі сәтті болды) нақты жоспар құрып, мемлекетаралық құрылым қалыптастыру қажет. Тек станциялар құрылысымен ғана шектеліп қоймай, сонымен қатар солар арқылы өндірілетін электр энергиясының қайда кететіндігін де нақты білу қажет. Ал бұл үшін Орталық Азия елдері арасында бірыңғай жүйе болуы тиіс.

Ескере кететін жағдай, Орталық Азия мемлекеттері әлемдік державаларды экономикалық, саяси және әскери саладан қызықтыратын аймақ болып есептеледі. Аймақ елдерінің мемлекеттік шекараларын күшейтуге ұмтылуы, осы аймақтағы халықаралық лаңкестік, діни экстремизм, этникалық сепаратизм, қару жарақ пен есірткінің заңсыз тасымалы, заңсыз миграция сияқты трансұлттық қауіптерге кедергі жасай алмауда. Әлемдік интеграциялық тәжірибені зерттей келе, Орталық Азия мемлекеттерінде еуропалық интеграцияға сай барлық формалар мен іс - шараларды жүргізу қажеттілігі жоқ деп есептеуге болады, себебі осы уақытқа дейінгі Еуропамен салыстырғанда Орталық Азия елдері біраз жыл бұрын ғана бірыңғай экономикалық, саяси және мәдени кеңістікте болды және оның бөлшектері әлі де сақталған [6; 13].

Орталық Азия елдерінде заңсыз миграция орын алуда. Аймақтағы тұрақсыздықтың маңызды факторларының бірі - халықтың заңсыз миграциясы. Және бұл аймақтағы халықтар арасында жұмыссыздық көрсеткіштері өсуде. Орталық Азия аймағындағы Қазақстанның салыстырмалы түрдегі әлеуметтік-экономикалық жетістіктері, көшбасшылық жағдайы Тәжікстаннан, Өзбекстаннан және Қырғызстаннан жұмыс іздеп келетін заңсыз мигранттары үшін тиімді. Дүниежүзілік банктің миграция жөніндегі есебі бойынша, Қазақстан мигранттарды қабылдау жөнінен 9-орынға ие, республикаға жылына 300-500 мың еңбек мигранты келеді. Мұндай заңсыз мигранттар қазақстандық еңбек нарығында тұрақсыздық тудырып, жұмыссыздық мәселесін реттеуде айтарлықтай қиындықтар туғызады. Сарапшылардың пікірінше, мұндай жағдай халық табысының дифференциациясы деңгейінің одан әрі өсуіне, тіпті, әлеуметтік-саяси құрылыстың тұрақтылығына қауіп төндіріп, Орталық Азия елдеріне Ауғанстаннан келетін наркотик көлемінің шектен тыс ұлғаюына алып келуі мүмкін. Еңбек мигранттарының мәртебесін анықтау және бұл саладағы заңнамаларды реттеуді аймақ елдері бірлесіп жүзеге асыруы тиіс. Алайда бүгінге дейін аймақ елдері арасында аталған сала бойынша ортақ саясат жоқ. Бұл мәселеге ОА елдері немқұрайлы көзқараспен қарағанды тоқтатып, оның кейінгі салдарын ескере отырып, өзара күш біріктіру арқылы мәселенің оңтайлы шешімін табу керек.

Жалпы еуропалық интеграция тәжірибесі аумақтық интеграцияның салдарлы, кезеңдік үрдіс екендігін көрсетуде, соның нәтижесінде тек іс әрекеттегі таңдаудың дұрыстығында ғана емес, сонымен қатар нақты тәжірибелік әрекеттердің бағдарламасын құрастыруда болып отыр. Интеграцияның маңызды мақсаты мемлекеттердің мүдделерін келістіру ғана емес, сонымен қатар орын алған

қайшылықтарға кедергі жасап қоймай, даму мен алға жылжуды баяулататын құбылыс ретінде түсіндіру болып табылады.

Жоғарыда аталған Орталық Азия елдерінің интеграциясына ықпал етуші факторларды, сонымен қатар оны тежеп отырған қайшылықтарды ескере отырып, ортаазиялық интеграцияның тиімді әрі жылдам дамуы үшін келесідей міндеттерді орындау қажет:

- интеграцияның ядросын, экономикалық трансформацияның және әлеуметтік реформалардың мазмұны мен сатыларын нақты анықтау;
- жоғарыда аталған интеграциялық бағыттар бойынша заңнамалық базаларды бір жүйеге келтіру;
- елдер арасында тауар, капитал және жұмыс күшінің еркін қозғалысын шектейтін кедергілерді жою;
- сыртқы саясаттағы басым бағыт ретінде өзара тығыз әрекеттестіктің, ынтымақтастықтың қажеттілігін мойындау;
- территориялық, тарихи, діни, мәдени және экономикалық ортақ құндылықтарды бірлесіп қорғау;
- қабылданған шешімдердің тиісті деңгейде жүзеге асырылуы үшін қажетті механизмдер құру.

Орталық Азия елдерінің аймақтық ынтымақтастығының нәтижесінен бәсекеге қабілетті экономикалардың құрылуы, аймақтағы тұрақтылықтың қамтамасыз етілуі, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының көтерілуі және аймақтың әлемдік экономикаға тиімді интеграциялануы күтіледі. Орталық Азия елдері қазіргі жаһандану жағдайында әлемдік экономиканың ірі державаларының объектісі ретінде емес, қазіргі кездегі әлемдік геосаясаттың субъектісі ретінде қызмет етуі керек. Тек біртұтас Орта Азия ғана жаһандық қауіп-қатерлерді жеңіп, әлемдік аренада жоғары беделге ие бола алады [7: 13].

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Шумский Н. Интеграция постсоветских государств: возможности и перспективы развития // Международное общественное объединение «Развитие». № 1 (33), 2012. С. 11-21.
- 2 Мамирова К.Н. Экологическое состояние реки Иртыш // Хабаршы – Вестник – Bulletin №1 (55), 2015. С. 18.
- 3 Ситарян С. Интеграция стран СНГ: трудности и перспективы взаимодействия // Казахстан – Спектр. Научный журнал. №33, 2011. С. 15.
- 4 Смагулова Д.К. Интеграционные процессы в Центральной Азии: проблемы и перспективы // Евразийская Экономическая Интеграция. №4 (17), 2012. С. 115.
- 5 Морозов Ю., Макдермотт Р. Перспективы сотрудничества организаций и союзов в целях обеспечения стабильности KazNU Bulletin. Economics series. №3 (97). 2013
- 6 Арбашиева А.Д. Проблемы безопасности в ЦА регионе: взгляды из Москвы и Лондона // Центральная Азия и Кавказ: Журнал социально-политических исследований. – 2008. – № 6(60). – С. 34-39.
- 7 Sherypzhhan Nadyrov, Aigul Tokbergenova, Asel Ikanova. The Methodology of Spatial Organization in Border Areas of the Kazakh-Russian Relations // 3rd International Geography Symposium. - 10-13 June, 2013. - Kemer, Antalya – Türkiye.
- 8 Надыров Ш.М., Нюсупова Г.Н., Мылкайдаров А.Т. Современная гео-экономическая и региональная ситуация в Центральной Азии. Алматы, «Терра». № 13 (2), 2014

ИНТЕГРАЦИЯ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

К.Н. Мамирова¹, Ш.М. Надыров², М.Б. Сагатова³

¹к.п.н., и.о. профессора,

²д.г.н., профессор,

³магистрант 2 курса,

¹ Казахский государственный женский педагогический университет,

² Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: meruert_sagatova@mail.ru

Особенность Центрально-Азиатского региона заключается в том, что модель других интеграционных объединений не может быть перенесена механически, требуя интенсивных исследований и адаптации. Основой интеграции должно быть развитие торгового, экономического и коллективного сотрудничества, наличие полного и защищенного общего рынка.

Главным направлением деятельности Центральноазиатского региона должно стать создание механизма межгосударственных отношений с учетом мирового опыта интеграции доктрин. Региональная интеграция государств Центральной Азии характеризуется близостью и взаимодействием национальных экономик и региональных экономических групп.

Страны Центральной Азии, которые выбрали путь интеграции как современный пример, связывают интеграцию в Центральной Азии с объективной необходимостью как территориальной целостности, так и важнейших секторов экономики. Для выявления слабых сторон интеграции стран Центральной Азии необходимо изучить его в соответствии с условиями и предпосылками международной экономической интеграции. Процесс интеграции в регионе очень медленный. Это объясняется рядом причин, в том числе разнообразием моделей реформирования экономики и политических систем. Разнообразие экономики и политических систем, национальных интересов и ориентации на международную арену все еще выше, чем процесс интеграции.

Ключевые слова: интеграция, глобализация, стратегия безопасности, бюджетная политика, реформа, экстремизм, миграция

INTEGRATION OF THE CENTRAL ASIAN COUNTRIES

K.N. Mamirova¹, Sh.M. Nadirov², M.B. Sagatova³

¹Cand. Sci. (Pedagogy), Prof. (acting),

²Dr. Sci. (Pedagogy), Professor,

³MSc student 6M060900- Geography

¹ Kazakh State Women's Teacher Training University,

² Kazakh National University named after al-Farabi
Kazakhstan, Almaty, e-mail: meruert_sagatova@mail.ru

The peculiarity of the Central Asian region is that model other integration associations cannot be transferred mechanically, requiring intensive study and adaptation. The integration should be the development of trade, economic collaboration, and the availability of complete and secure the common market.

It needs to meet the needs of domestic producers and create conditions for industrial activities in the common economic space. The main activities of the Central Asian region should be the establishment of a mechanism of inter-state relations taking into account the world experience of integration doctrines.

Regional integration of Central Asian states is characterized by the proximity and interaction of national economies and regional economic groups. The Central Asian countries, which have chosen the path of integration as a modern example of link integration in Central Asia with the objective need as territorial integrity, and the most important sectors of the economy. To identify weaknesses in the integration of the Central Asian countries it is needed to study it in accordance with the conditions and prerequisites for international economic integration. The process of integration in the region is very slow. This is for several reasons, including a variety of models of reforming of economy and political systems. The diversity of the economy and political systems, national interests and orientations in the international arena is still higher than the integration process.

Keywords: integration, globalization, security strategy, budget policy, reform, extremism, migration